

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Нас интересовал вопрос, имеет ли какое-то значение для автора трансляции количество его зарегистрированных читателей. Для 78% респондентов имеет значение количество читателей, для 22% это не важно (Диаграмма 4).




Диаграмма 4. Важность количества читателей для авторов трансляций

Результаты проведенного социологического исследования показали, что проведение времени в социальных сетях, действительно, занимает важное место в жизни современных казахстанских студентов. Это подтверждается, во-первых, долей студентов, зарегистрированных в сети Periscope. Во-вторых, мы видим, что подавляющее число пользователей имеют более чем по 300 читателей (подписчиков), что доказывает, что это действительно важно для студенческой молодежи. Возможно, это показывает то, что стремление ко все большему числу читателей для молодых людей является своего рода средством самоутверждения, достижения лидерских позиций, обретения популярности в своей возрастной среде. В-третьих, большая часть времени, проведенного студентами в социальных сетях, тратится на развлечения, на получение информации, не связанной с обучением, то есть фактически впустую. В некоторых случаях, проведение студентами времени в социальных сетях подчинено весьма полезным занятиям – изучение иностранного языка, просмотр мастер-классов (например, по обучению макияжу и т.д.).

Таким образом, выдвинутая на первом этапе исследования гипотеза, согласно которой социальные сети занимают весьма важную роль в жизни современных казахстанских студентов, подтверждается полученными данными. Более того, можно предположить, что для значительной части студенческой молодежи виртуальное общение в социальных сетях зачастую имеет более важное значение, чем реальное общение с окружающими.

Список использованных источников:

1. <http://periscope-app.ru/blog/periscop-v-cifrah-statistika-prilozheniya.html>

ӘОЖ 141.7:316.3

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ МАРГИНАЛДАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ

Төленова Гүлшат Бақбергенқызы
gulshat_95.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтану» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Смағамбет Баян Жүзікбайқызы, ә.ғ.к., доцент

Қазақстанда әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы, жаңа діни көзқарастар мен жаһандану процесі жастар санасының дамып қалыптасуына, ел тұрақтылығына ықпалын тигізіп отыр. Мемлекет жүргізіп отырған жедел әлеуметтік жаңғырту саясаты нәтижесінде мінез-құлқы

жалпыға бірдей қабылданған, қалыптасқан нормалардан көбінесе ерекшеленетін, қайта құрудан «артта қалған» кейбір әлеуметтік топтардың пайда болды. Әлеуметтік аутсайдерлер немесе маргиналды жастар тобы қоғамға кірігудің және жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделудің қиындығына байланысты қалыптасып отыр.

Жастар арасындағы маргиналдық – қазіргі жастар төңірегінде жиі айтылып, БАҚ беттерінен орын алып жүрген мәселеге айналды. «Маргинал» ұғымы ғылыми әдебиеттерде ғана қолданылып келсе, соңғы жылдары «жұмыссыздық», «маскүнемдік», «нашақорлық» сынды жалпыға таныс құбылыстарды талдауда жиі қолданысқа енуде. Қоғамның трансформациялануынан жастар арасында мәдени құндылықтардың тоғысуы нәтижесінде нарықтық мәдениет пен посткеңестік мәдениет арасында айтарлықтай үлкен өзгеріс орын алды. Жастарды қоғамның саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық салаларының толыққанды қалыптасуына тікелей әсер ететін әлеуметтік демографиялық топ десек, осы топ ұлттық мәдениет пен батыстық мәдениет аражігін ажырата алмай қоғамдық мәселе туындатып отыр.

«Маргинал» (латынша-margo - шеткі, шекара) ұғымын 20 ғасырдың басында америкалық ғалым Р.Парк өзінің «Адамзаттық миграция және маргинал адам» атты эссесінде алғаш қолданды. Р.Парк бойынша, маргинал – өзара шиеленіс туындататын екі түрлі мәдениеттің шекарасындағы индивид. Р.Парк батыстағы миграция процесін зерттей отырып, ондағы мигранттардың белгілі бір аралықты күй кешетінін көрсетті. Мигранттар өздерінің өсіп-өнген ортасынан ажырай отырып, жаңа әлеуметтік ортаға қосылуға әрекет жасайды. Р.Парк маргинал түсінігін мәдени тұрғыда талдады. Сонымен бірге маргиналдыққа түрлі талдаулар берген ғалымдар: Э.Стоунквист, А.Антоновски, М.Голдберг, Д.Головенски, Н.Дики-Кларк, А.Керкхофф, И.Краусс, Дж.Манчини, Р.Мертон, Е.Хьюз, Т.Шибутани, Т.Уиттерманс.[1]

Маргиналдық – жеке тұлғаның қандай да бір әлеуметтік қауымдастыққа толық сіңіспей, екі немесе бірнеше әлеуметтік қауымдастықтардың арасында күй кешіп, шекаралық жағдайда қалып қоюын бейнелейтін ұғым. Бұл әсіресе, жас адамның психикасын өзгертіп, бағыт-бағдары мен ұстанымдарына, өзін-өзі айқындауы мен өмір салтына қалыптастыруына қатты ықпал ететін қатерлі құбылыс ретінде танылып келеді. Аралық жағдайда «маргиналдық» мәдени қарама-қайшылықты бейнелеуші ұғым ретінде қолданылғанымен, қазіргі уақытта әлеуметтік орта мен мәртебенің түрлі өзгерістерін сипаттайтын әмбебап ұғымға айналды. Бұл ұғым айналасында «маргиналды субъект», «маргиналды кеңістік», «маргиналды тіршілік ету» деген туынды сөздер қалыптасады. Мұның барлығы аралық жағдайларды, өтпелі кезеңдердің табиғаты мен сапасын айқындаушы ұғымдар.

Жалпы, «маргиналдану» - негізінен доминантты әлеуметтік қауымдастық екіншісінің тілі мен мәдениетіне әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне тигізген әсерінен шығатынын Р.Парк еңбектерінде жан-жақты талданып көрсетілген.

Ауылдық жерде дәстүрлі тәрбие алып, ұлттық мәдениетті сіңіріп келген жастар қалаға келіп, қалалық өмір талаптарын орындауға міндетті. Қалалық өмір мәдениетінің құндылықтары өзгеше болатыны анық. Әлеуметтік-мәдени, материалдық құндылықтары өзгеше ауыл жастарының көбі қала мәдениетіне сіңе алмай, маргиналды кейіпке түседі. Осылайша, жастар бірнеше топтың өмір салты мен дәстүрлерін шала-шарпы ұстанып, дүбәра күй кешуге мәжбүр болады. ҚР статистикалық агенттігінің 2013 жылғы мәліметі бойынша халық санының 27,5 % /саны 4656,5 мың/ 14-29 жас аралығындағылар құрайды, оның 27,7 % /саны 2574,1 мың/ қалада, 27,3 %/саны 2082,4мың/ ауылда тұрады. Ресми деректер бойынша, 2014 жылдың алғашқы он айында туған ауылдарын тастап, қалаға көшкендердің саны 50 мыңнан асқан. Логикаға сүйенсек, урбанизацияда жастардың үлесі үлкен екені анық. Оқуға, жұмысқа, жаңашылдыққа, үлкен кәсіби жетістікке ұмтылатында жастар. Бірқатар мамандардың болжауы бойынша, Қазақстандағы қала мен ауыл халқының ара-қатынасы алдағы 20-30 жыл ішінде 65:35 жетсе, урбанизацияның қарқындылығы 10-15 % артады. Бұл

көрсеткіш жастардың ауыл және қала мәдениеті ортасындағы маргиналдығының көлемін айқындайды. Қоғамда әлі де тұрақсыздықтың артатынын көрсетеді.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2013 жылғы жүргізген зерттеуіне сүйенсек, «Қазақстан жастары – 2013» атты сауалнама негізінде жастардың (14-29 жас аралығындағы) 54,9 % «ешқайда көшуді, орын ауыстыруды қаламайды», яғни өзінің өмірсүру ортасы қанағаттандырады, ал 45,1 % «көшу немесе орын ауыстыру жоспары барын» айтқан. Жастардың санасындағы аралық күйдің басым екенін көреміз. Елдегі миграцияның жүйесіздігін, урбанизацияның қарқындылығын талдасақ. Жастар арасындағы маргиналдықтың деңгейін терең түсінуге болады. [2]

Маргиналданған жастар көбейе келе, маргиналдық топты құрайды. Көп жағдайда бұған ықпал ететін факторлар – қоғамның қалыптасқан әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әкеліп соғатын, саясат пен экономикадағы жаңа ықпалды топтардың пайда болуы. Осының нәтижесінде, маргинал топтардың дәстүрлі қалыптасқан топтарды ығыстырып, шешуші рөл атқаруға қабілетті екендігі тарихи тәжірибеде дәлелденді.

Маргиналдар туралы айтылып жүрген мәселені қарастыруда отандық ғалымдар А.Айталы, Ә.Ғали, А.Амирова, С.Мұсатаев және т.б. тұжырымдамаларына сүйенсек [3,4]: Қазақстандағы маргиналдарды бірнеше топқа жіктеуге болады. Бірінші топ, мемлекет құрушы, төл этнос саналатын қазақ ұлтының ішінен шыққан маргиналдар тобы (бұлардың өзін үшке бөлуге болады: 1) «шала қазақтар», 2) рушылдар, 3) жершілдер); екінші топ – ұлттық белгісі бойынша маргиналдық жағдайға ұшыраған диаспоралар; үшінші топта орныққан мекендерінен түрлі себептермен мәжбүрлі немесе ерікті түрде ауып, жұмыс іздеген мигранттар (сыртқы және ішкі көші-қон); төртінші топқа – діни белгісі бойынша өз ұлты ұстанатын дәстүрлі дінінен безіп, жат ағымдар жетегінде жүрген, түрлі секталарға мүше болып, сандалғандар; бесінші топта – білімі мен кәсіби біліктілігі бойынша бейтарап жағдайда қалғандар; алтыншы топ – Қазақстандағы трансұлттық компанияларда қызмет істейтін, космополиттік сана-сезімдегі жұмысшылар мен ірі бизнестің өкілдері; жетінші топ – девиантты мінез-құлықты, рухани деградацияға ұшырағандар; және сегізінші топ – демографиялық белгі бойынша – жас және жыныс ерекшеліктері бойынша өзін-өзі анықтай алмай жүргендер.[5]

Еліміздегі маргиналдардың үлкен бір тобы – өздерін Қазақстанның азаматтары санайтын өзге ұлттардың өкілдерінен, яғни, диаспоралардан құралады. Олар психологиялық тұрғыда, кең ауқымдағы қазақстандық және тар бағытта ұлттық сана-сезімдердің жетегінде қатар жүреді. Біздегі өзге ұлттардың өкілдері осы шақтағы өмірі мен болашағын Қазақстанмен, қазақ ұлтымен тығыз байланыстыра отырып, онымен бір мезгілде өздеріне тән ұлттық ерекшеліктерін ұстанып, тілін, мәдениетін, дінін, т.б. дамытуда кең мүмкіндіктерге ие болып отыр.

Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рыноғқа айналуы дәуірін бастан өткізіп келеді. Жаһандық қоғам әлдеқайда ашық бола түсуде: капиталдың, қаржылардың, адамдардың, ақпараттың еркін қозғалысы осы заманғы «шекарасыз әлем» тұжырымдамасының негізіне айналды. Жаңа заман жастарының жаңа талаптарын елемей уақыт ағымын ескермегенмен бірдей.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садков Е.В. Маргинальность и преступность // Социологические исследования, №4, 2000г. С.46-47
2. Айталы А. «Қазақстандық ұлт»: идея және ақиқат // Егемен Қазақстан, 2009.- №4.
3. Әзімбай ҒАЛИ, «Еліміздегі радикалды экстремистік көзқарастағы жандардың көбеюі мешіттердің жетіспеуінен болып отыр» деген пікірмен келісесіз бе?// «Алаш айнасы» басылымынан, 2013 жыл, 19-қараша.
4. Сейілбек Мұсатаев, [«Қазақстандық маргиналдар» деген кімдер?](http://old.abai.kz/content/)

5. Л.Е.Григорьевна Маргинальность и маргиналы западноевропейского средневекового общества в отечественной историографии конца XIX - начала XXI вв - М., 2011
6. Молодежь Казахстана: демографический аспект (по материалам национального доклада «Молодежь Казахстана» - 2013) Астана: НИЦ «Молодежь», 2013 г. С.183.
7. Сокращение сельского населения в Казахстане: прогресс или катастрофа?
<http://rus.azattyq.org/content/osobennosti-urbanizatsii-po-kazakhstanski/26586531.html>

УДК 748

GLOBAL ENTREPRENEURSHIP MONITOR: НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА РАЗВИТИЕ БИЗНЕСА

Турез Шынгыс Адилбекулы

Cheengis01@gmail.com

магистрант 1 курса кафедры социологии факультета социальных наук ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Смагамбет Б.Ж.

Проект Global Entrepreneurship Monitor (GEM) – это общая инициатива ведущих бизнес-школ мира, направленная на изучение предпринимательской активности в разрезе отдельных стран мира.

На сегодняшний день в проекте GEM участвует более 73 стран, составляющих 72,4% мирового населения и 90% мирового ВВП. За годы существования проект GEM для многих стран-участниц стал инструментом принятия решений по улучшению бизнес среды. Данные GEM являются основным и наиболее используемым источником информации для глобальных тематических исследований. Так, стало традицией проводить совместные исследования GEM со Всемирным экономическим форумом по направлениям конкурентоспособности и предпринимательской активности.

Казахстан - первая страна центрально-азиатского региона, вошедшая в пул стран-участниц крупнейшего исследования мира по предпринимательству. Казахская команда GEM объединила ведущих национальных экспертов и согласно практике GEM является продуктом ведущей бизнес школы страны - Высшей школы бизнеса Назарбаев Университет. Высшая школа бизнеса Назарбаев Университет совместно с Институтом экономических исследований второй год обеспечивает участие страны в мировом исследовании бизнес среды, предоставляя экспертное и техническое сопровождение проекта. Исследование GEM по Казахстану показывает, что уровень предпринимательской активности в стране составляет – 13,7%, что значит, что в среднем порядка 13% трудоспособного населения страны вовлечено в предпринимательскую деятельность. По уровню предпринимательской активности Казахстан демонстрирует результаты сопоставимые с ведущими экономиками мира, такими как Австралия, США и Канада.

Рисунок 1. Уровень предпринимательской активности, % респондентов